

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

Жас мамандарға арналған психологиялық тренинг

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.09.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/17113/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Нуржаубаева Гулим Канатқызы

Мақсаты: Өзін таныстыру, жаңа ұжымға бейімделу, айналасындағыларға бірлесіп жұмыс жасауға оң бағыттау.

Міндеттері:

- Қатысушылар бір-бірі туралы барынша көп ақпарат білуі тиіс.
- Әрбір қатысушы өзін бір үлкен топтың бөлшегі ретінде сезінуі үшін топ ішінде жағымды атмосфера құру.
- Бірлесіп жұмыс жасауда жалпы бағыттарының бір екендіктері туралы түсінік беру.

Қажетті құралдар: фломастер, карандаш, магнит, клей, қайшы, ватман, сауалнама бланкілері.

Топтың ерекшелігі: жас және жаңадан келген мамандар.

Тренинг бағдарламасы:

1. Таныстыру. «Шеңбер бойымен ат айту»
2. Топқа бөліну.
3. Топтық ереже қабылдау.
4. Шығармашылық жұмыс. «Визитка дайындау»
5. . «Кенгуру» ойыны
6. Сауалнама жүргізу. Сіз қандай мұғалімсіз?
7. «Жас маманның 15 қателігі» психологиялық кеңес беру
8. Күн шуағы (Рефлексия)

Тренинг ережесі:

1. Өз ойын ашық айту
2. Өзгелердің пікірін құрметтеу
3. Белсенді әрекет ету.
4. Шынайылық
5. Топтасып жұмыс жасау.

Барысы: Амандасу рәсімі

Психолог: Сәлеметсіздер ме, қымбатты әріптестер! Бүгінгі болғалы отырған сабақта сіздер өздеріңізге қажетті көптеген қызықты және пайдалы нәрселерді білесіздер деген ойдамын. Бір ұжымда өзің жақсы білетін, жақсы танитын жас мамандармен жұмыс жасау әлдеқайда жеңілiрек болатындығына менiмен келiсетiн шығарсыздар?! Ол адамға не ұнайды, өмiрдегi мақсаттары қандай екендiгiн бiлесiң. Сондықтан да, бiздiң бүгiнгi кездесуiмiздi бiр-бiрiмiздi көбiрек тануға арнаймыз. Тiптi, егер, сiз таныс болған болсаңыз да, бәрiбiр де сiз қатысып отырғандардың iшiнен бiреуiн көбiрек танисыз, ал ендi бiрiн тiптен бiлмейсiз.

1. **Танысу жаттығуы.** Көңiлдi музыка ойналады. Жаттығуға қатысушылар шеңбер бойынша тұрады. Әрбiр қатысушы өзiнiң есiмiне сын есiм қосып және бойындағы бiр қасиетiн айтып шығады. Мысалы: Мен, ақкөңiл, Гүлiм - шыдамдымын . Айтып болған соң, кольцодан өтуi керек. Әрi қарай жалғаса бередi. Талқылау: Қандай әсер алдыңыздар.
2. **Топқа бөлiну.** Әр түрлi конфеттер тарату арқылы топқа бөлемiн.
3. **Топтық ереже қабылдау.**

Алтын ереже:

1. Өз ойын ашық айту
2. Өзгелердің пікірін құрметтеу
3. Белсенді әрекет ету.
4. Шынайылық
5. Топтасып жұмыс жасау.

4. Шығармашылық жұмыс. «Визитка» жаттығуы.

Барлық қатысушыларға қағаз, фломастер, қарындаштар пайдалану арқылы визитка дайындау тапсырылады. Онда келесідей мәліметтер болуы керек:

Аты – жөні (толық) _____

1. Өзің туралы естігің келетін 3 сөз _____
2. Менің жетістіктерім _____
3. Маған ыңғайлы, өзімді жайлы сезінетін жер _____
4. Маған ыңғайсыз, өзімді жайсыз сезінетін жер _____
5. Менің өмірлік ұстанымым _____
6. Таңдаған мамандығымда мені қызықтыратыны _____
7. Мені алаңдататын жағдайлар _____
8. «Кенгуру» ойыны.

Қатысушылар екі топқа бөлінеді. Бір кенгуру тұрып тұрады, екіншісі – оған арқасымен тұрады, сосын отырып тұрады. Екі қатысушы да қолдарынан ұстайды. Әрбір жұптың міндеті осы тұрғыда, қолдарын айырмай, бөлмені секіріп, айналып шығу. (Қатысушылар рөлдерімен алмасады, сосын жұптарымен алмасады).

9. Сауалнама жүргізу. Сіз қандай мұғалімсіз?

10. «Жас маманның 15 қателігі» психологиялық кеңес беру.

11. Материалды бір ырғақпен немесе керісінше тез жылдамдықпен түсіндіру.
Тақырыптың маңызды бөліктерін атағанда басын төмен қаратып сөйлеуі.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.